

#ӘділеттіҚазақстан

Еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғау – бәріміздің перзенттік парызымыз. Бұл мақсат – Президент ретінде мен үшін ең қасиетті борыш.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ҚАҢТАР АҚИҚАТЫ:
ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

3

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ДАМУДЫҢ
ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

5

ӘЛЕУМЕТ



ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН
ЖӨРДЕМАҚЫЛАР
қаншалықты өсті?

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

7.01.2023

Түнде:



0...-2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+3...+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

8.01.2023

Түнде:



0...-2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



+5...+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №2 (6295) 7 қаңтар, сенбі, 2023 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ТАҒЫМ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

Алматылықтар қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқандарды еске алып,
«Тағым» мемориалына гүл шоқтарын қойды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Салтанатты рәсімге қала басшысы, қоғам қайраткерлері және т.б. қатысты. Бұған дейін Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, қоғам қайраткерлері мен шығармашылық зиялы қауым өкілдері қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқандарды еске алу үшін Алматының Орталық мешітінде Құран бағыштап, құрбан шалды.

2

БАСПАНА

БАСТЫ ҚАЖЕТТІЛІК

Алматыда 3 мыңнан астам адам жеңілдетілген
бағдарламалар бойынша баспаналы болды



Алматылықтардың әлеуметтік ахуалын жақсарту мақсатында мегаполисте атқарылған жұмыстар көп. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша түрлі жеңілдетілген мемлекеттік бағдарламалар аясында Алматыда көпбалалы және аз қамтылған отбасылар мен жұмысшы жастарды қосқанда 3167 адам қоныс тойын тойлады.

4

ҚЫСҚА...

- Президент Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Әлимановты қабылдады.
- Мемлекет басшысы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаевты қабылдады.
- Президент Ішкі істер министрі Марат Ахметжановтың баяндамасын тыңдады.
- 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап балабақша тәрбиешілерінің, мектеп мұғалімдерінің, колледж мұғалімдерінің, әдіскерлердің, қосымша білім беру педагогтарының жалақысы 25 пайызға өсті.
- Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері 1 қаңтардан 60 000 теңгеден 70 000 теңгеге дейін артты.
- ПМ: ұйымдасқан қылмыстық топтардың 24 басшысы мен 114 мүшесі тұтқындалды.
- ПМ: 6 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылып, алаяқтық белгілері бар 165 сайт жұмысы тоқтатылды.
- Биыл 3 миллион адамның жалақысы өсті.
- ҚР ЕХӘҚМ: Қазақстанда Отбасының цифрлық картасы іске қосылды.
- «Қазақстан халқына» қоры қаңтар оқиғасынан зардап шеккендерге 2 млрд теңгенің көмегін көрсетті.
- Елімізде сейсмикалық қауіп жағдайларын болжайтын жаңа ғылыми орталық құрылады.


www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



ЗЕРДЕ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҒЗЫМ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

Алматылықтар қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқандарды еске алып,
«Тағзым» мемориалына гүл шоқтарын қойды

(Басы 1-бетте)

Дін қызметкерлері марқұмдардың рухына Құран бағыштап, бейбітшілік пен келісімнің маңызы туралы уағыз айтты. Жиналғандарға мешіттердегі асқа бару үшін көлік дайындалды. Қала мешіттерінде құрбандық шалынды.

Мешітке келгендердің арасында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Нұрлан Оразалин, «Тұран» университетінің ректоры Рахман

Алшанов, «Ана тілі» газетінің Бас редакторы Қали Сәрсенбай, түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Икрам Адырбеков, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының төрағасы Ақан Бижанов, «Жұлдыз» журналының Бас редакторы Мереке Құлкенов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары Ақберен Елгезек, спортшы Ардақ Назаров және т.б. бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақан БИЖАНОВ,

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Елдікті
сақтау –
еңселі міндет

Осыдан бір жыл бұрын орын алған қанды қырғынды сөз жоқ, біздің Тәуелсіздігімізге жасалған қастандық деп білемін. Бұл жолда біздің Президентіміздің ерік-жігері, халқымыздың мызғымас бірлігі, ақыл-парасаты мемлекетімізді қорғап қалды. Бейбіт халық бейберекетсіздікке жол бермеді. Біздің бірлігімізге балта шапқысы келетіндер мен елдігімізге селкеу түсіргісі келетіндердің ойға алғаны жүзеге аспады. Біз енді бірігіп, мұндай оқиғаның орын алуына жол бермеуіміз керек. Қазіргі кезде халқымыздың әділетті Қазақстанға деген үміті оянып, сенімі артты. Сондықтан баршамыздың алдымызда маңызды міндеттер тұрғанын терең сезінуіміз керек. Ең бастысы, Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Қаңтар оқиғасы қай-қайсымызға да ащы сабақ болды. Күні кеше қалалық әкімшілік, қоғам қайраткерлері мен қала тұрғындары «Тағзым» мемориалына гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқандарды еске алды. Елімізде енді мұндай оқиға орын алмасын, қантөгіс қайталанбасын дейік!

Ақберен ЕЛГЕЗЕК,

ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма
төрағасының бірінші орынбасары:



Бір жыл бұрын елімізде әлем жұртшылығының назарын аударған, бізде бұрын-соңды болмаған сұмдық оқиға орын алды. Бұл – қасіретті қаңтар оқиғасы. Бұл – ешкім ойламаған, ешкім күтпеген тосыннан ұйымдастырылған қылмыстық әрекет. Биыл сол оқиғаның болғанына бір жыл уақыт өтті. Бір топ зиялы қауым өкілдерін ертіп, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Орталық мешітте нәпіл құрбандық шалып, осы қаңтар оқиғасы кезінде шейіт болған, жазықсыз оққа ұшқан көптеген бауырларымыздың асыл рухтарына арнап Құран аяттарын оқып, дұға бағыштады. Қасіретті қаңтарға арналған мемориалдың жанында қатарынан бес имам жұмыс істеп, келген адамдардың бәрі қол жайып, сол күндері құрбан болған қандастарымызға дұға бағыштап отырды.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті:

Халықтың
бірлігі
маңызды

Қаңтар оқиғасы еліміз үшін ауыр сынақ болды. Қоғамды дүр сілкіндірген оқиғадағы ауыр күндердің ізі әлі күнге жанымызды ауыртады. Мемлекетіміздің тұтастығына қауіп төнгенде халық тыныштық пен бейбітшіліктің қаншалықты маңызды екенін түсінді. Өкініштігі сол, қаңғыған оқ қаншама жаны бөлек болған соң тірі адам тіршілігін жасайды. Біздің қолымыздан келетіні, марқұм болған жандардың еске алып, Құран бағыштау ғана.

Күні кеше сол мақсатпен қала әкімі бастаған Алматының зиялы қауымы «Тағзым» мемориалының стелласына гүл шоқтарын қойды. Алматының Орталық мешітінде Құран бағыштап, қайтыс болғандарға арнап құрбандық шалды.

Қазақстан зайырлы мемлекет болғанымен, біз мұсылман елміз. Сондықтан қазақ ұғымында қайтыс болған кісілердің артынан Құран бағыштау – халықтың қанына сіңіп кеткен мұсылмандық дәстүрі болып саналады. Марқұм болған жандарға жасалған игі істер мен оқылған Құранның сауабы тисін.

Халықтың бірлігін сақтау, ынтымағына сызат түсірмеу ел болудың, алға жылжып дамудың басты шарты. Ең бастысы, елдің іргесі бүтін болып, тәуелсіздігіміз тұғырынан таймаса деп тілейміз.

Қоғам санасы сапаға ауысты

Бұл билікқұмар күштердің ынсапсыздығынан жасалған сұмдық қылмыс. Әсіресе, Айкөркем сияқты періште қыздың оққа ұшқаны есіме түсе қалса, жүрегім қанға боялып, көңілім нілдей бұзылады. Осы жағдайды ұйымдастырған қылмыскер топты Айкөркемдей періштенің және өзге де оққа ұшқан бейбіт адамдардың нақақ төгілген қаны мен обалы ешқашан жібермесін. Қылмыскердің қай-қайсысы болсын заңдық тұрғыдан да, тарихтың сотынан да, Құдай мен Ардың сотынан да тиісті жазасын алсын деп тілеймін. Қаңтар қасіреті – жазылмайтын жара, ол қазақ халқы тұрғанша, ешқашан жүрегімізден, санамыздан өшпейді.

Қаңтар оқиғасы тергеу амалдары аяқталған соң өзінің саяси-құқықтық, тарихи бағасын ала жатар. Бірақ біз үшін болашақта бейбіт өмірді, бірлік пен татулықты, тұрақтылықты бағалауға үйреткен ұмытылмас тарихи оқиға болды. Содан бері қазақ қоғамының санасы мүлдем басқа сапаға ауысты. Біз енді басқа халық болдық. Біз шын мәнінде де әділетті қоғам құруға бел байладық.

Алда көптеген саяси реформалар, саяси өзгерістер болуға тиіс. Оған уақыт төреші. Мұндай оқиғалар қазақтың басында енді ешқашан қайталанбасын деп тілеймін. Ең бастысы, Ел аман болсын!

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА!

ЖАУЫНГЕРЛЕР
ТУРАЛЫ
ФИЛЬМ
көзге жас алдырды

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығында қаңтар оқиғасы кезінде ерлікпен қаза тапқан сарбаздар – Айбат Аманов пен Мадияр Қайсаровты еске алуға арналған «Мәңгілік сапта» бір күндік акциясы ұйымдастырылды. Іс-шара бір минуттық үнсіздікпен басталды.



«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының бірінші орынбасары – штаб бастығы полковник Бекбайдар Қаскеев ел үшін есенгіретіп тастаған қайғылы қаңтар оқиғасына тоқталып, қаза болған ұландық батырлардың көзсіз ерліктерін үлгі етудің маңыздылығын атап өтті.

Өз кезегінде сөз алған ТЖӨҚЖ басқармасының басшысы полковник Атабек Салихбаев қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша әскери борышын өтеу кезінде қаза болған ұландық жауынгерлер Мадияр мен Айбаттың ерліктері туралы баяндама жасады.

Іс-шара соңында әскери қызметшілерге екі жауынгер туралы деректі фильм көрсетілді. Фильмде ұландық батырлардың ата-аналары, ұстаздары, достары және командирлері олардың өмірлері туралы айтқан естеліктері бейнеленген. Фильмді қарап отырған әскери қызметшілер көздеріне еріксіз жас алды.

Айта кетейік, қаңтардағы қақтығыста «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері орны толмас шығынға ұшырады. Қатардағы жауынгерлер Қайсаров Мадияр Оразалыұлы, Аманов Айбат Ерболұлы ерлікпен қаза тапты, олардың есімі әскери бөлімдердің тізіміне мәңгілікке енгізілді. Аталған жауынгерлер Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (қайтыс болғаннан кейін) III дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды.


МӘЖІЛІС

ҚАҢТАР АҚИҚАТЫ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Міне, күні кеше ғана қарсы алған 2023 жылымыздың алғашқы аптасы да өтіп барады. «Күнтіз-белік жаңа жылдың алғашқы аптасы несімен есте қалды?» дегенде, күні кеше – 5 қаңтарда өткен Мәжілістің жиыны ойға оралады. Отырыс тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең бір қатерлі де қасіретті кезеңге айналған 2022 жылдың еншісіндегі қаңтар дүрбелеңіне арналды. Осы оқиғаға орай күні бүгінге дейін халықты алаңдатқан көптеген сауалдарға күштік құрылымдар мен мемлекеттік органдар басшылары депутаттар алдында ақпарат берді. Жиынға еліміздің Бас прокуроры, Ішкі істер министрі мен өзге де сала басшылары, заңгерлер мен сарапшылар, оқиға куәгерлері қатысты. Депутаттар қаңтар оқиғасында қаза тапқандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

«Оқиғаның барлық мән-жайы анықталды»

Жалпы отырысты Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов ашқаннан кейін, «Жаңа Қазақстан» тобының атынан Еділ Жаңбыршин Бас прокурор Берік Асылловқа сауал жолдады.

— Қаңтар күндері Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жан-жүрегімізбен сезіндік...

Бүгінде халықтың көкейінде әлі де жауабы жоқ сұрақтар жеткілікті. Сонымен, «Мұны ұйымдастырған кімдер, өйткені барлық өңірлерде бір мезгілде толқулар басталды және қаскөйлердің негізгі мақсаты не болды?», «Қаңтар оқиғасы қандай зақымдар мен шығындар келтірді?», «Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде қайтыс болған және зардап шеккен қызметкерлерді әлеуметтік жағынан қорғау, кездейсоқ қаза болған азаматтарымыздың жақындарына көмек көрсету бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?» деген сауалдар ел ішінде айтылып жүр. Ендігі жерде болған оқиға бойынша толық түсінік қажет. Елді ыдырату үшін жасалған опасыздардың жүйелі қимылы, қырағы дайындығы туралы тек қана болжамдар бар. Ашығын айтсақ, қазір қоғамда түрлі қауесет тарауда. Бұл ахуал жалған түсінік қалыптастырып, фейк ақпараттардың тарауына зор ықпалын тигізіп отыр. Сондықтан құқық қорғау органдарының тергеу амалдарының қорытындысына сүйенген, оқиғаның бірізді мән-жайы ашық айтылып, оның әділ бағасы берілуі керек деп санаймыз, — деген депутат Еділ Жаңбыршин тиісті күштік құрылымдар мен мемлекеттік органдар халықтың көкейіндегі сауалдарға бүкпесіз ашық жауап беруі қажеттігіне маңыз берді.

«Мемлекеттік төңкеріс әрекеті»

Бас прокурор бұл оқиғаны мемлекеттік төңкеріс әрекеті деп бағалады және тергеу аяқталуға жақын екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, бүгінде болған оқиғаның барлық мән-жайы анықталды.

— Бүгінде қолымызда толық мәлімет бар. Тергеу органдары оқиға хронологиясын, негізгі ұйымдастырушыларды анықтады. Олардың ішінде жоғары лауазымды адамдар мен ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері болған. Барлық қаза болғандардың кім екенін, олардың қайтыс болу себептерін зерттедік. Қару-жарақты іздестіру жалғасуда. Қылмыскерлер жауапқа тартылып жатыр, оның ішінде қызмет мүддесіне опасыздық жасап, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етпегендер де бар. Азаптау бойынша істерді аяқтап қалдық. Сол күндері барлық заңдар бұзылды. Қоғамда бейбіт митинг өткізу мәдениеті қалыптаспағанын мойындауымыз керек. Адамдар жиналып, көшеге шыққан кезде бейбіт митингтер туралы заңның барлық нормаларын бұзды. Ұйымдастырушылар әкімдікті хабардар етпей, мыңдаған адамды жинады. Уатсап пен Телеграм арқылы тәртіпсіздікке қатысушылардың жиналуын және қозғалысын үйлестірген.

Алматыда санаулы сағаттар ішінде бір топта қатысушылар саны 5 жарым мыңға дейін көбейді. Сол секілді, Жамбыл облысында чатта қатысушылар саны 4 мыңға дейін өсті. Кейін «тобыр әсері» орын алып, адамдар полицияның заңды талабын орындамай, қарсылық көрсетті. Өрт қойып, тонады және күш қолдана бастады. Ал бұл дегеніміз — нағыз қылмыс. Бұл үшін Алматыға арнайы көрші облыстардан адамдар келген. Кейін жағдай одан әрі ушыға түсті. Тек бір күнде — 5 қаңтарда 8 өңірде әкімдіктерге



шабуыл жасалды. Тәртіпсіздікке қатысушылар үшін олар бірінші кезектегі объекті болды. Оларды биліктің символы ретінде басып алғысы келді...

Алматыда шабуылдаушылар әкімдікті өртеп, Президент резиденциясына қарай барды. «Анна», «Қорған» және «Алпамыс» аңшылық дүкендері тоналды. Кейін олар қару-жарақты машинамен алаңға жеткізіп, митингке қатысушыларға тарата бастады. Алматының Полиция департаменті мен бөлімдеріне шабуыл жасалды. Олардың мақсаты — қару-жарақ бөлмелері еді. Сағат 18.00-де Талдықорған мен Ақтөбеде облыс әкімдіктерін, Семей қаласы әкімдігін басып алды. Түнде бірнеше рет жасалған шабуылдан кейін Жамбыл облысы әкімдігіне заңсыз кірді. Одан бөлек, 5 қаңтар күні кешке, Алматы мен Ақтөбе халықаралық әуежайларын бір уақытта басып алды. Яғни ең қауіпті жағдай оңтүстік астанада орын алды. Тәртіпсіздікке қатысқан көп адамды тоқтатуға құқық қорғау күштерінің мүмкіндігі болмады. Оның үстіне, қызметкерлердің басым бөлігінде қару болған жоқ. Олар соңына дейін тек арнайы құралдарды қолданды. Бұл — су атқыштар, резиналық таяқшалар және басқалар. Бірақ сол уақытта жүздеген тәртіп сақшылары жараланған еді, оның ішінде оқтан жарақат алғандар да болды. Ал бір офицер қалалық әкімдікте болған өрт кезінде тірідей жанып кетті», — деді Берік Асыллов.

Бас прокурор тұжырымдағандай, күштік құрылым қызметкерлері жауынгерлік қаруды бірінші рет Алматыдағы Президент Резиденциясын қорғау кезінде — 5 қаңтар күні сағат 16:00 шамасында қолданған. Яғни шабуылдаушыларға оқ ату Президент мәлімдемесіне дейін, әлдеқайда ертерек басталған. Ол құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қаруды бұдан кейін полиция мен әкімдіктер ғимараттарына және басқа да нысандарға шабуыл жасалғанда, яғни тәртіпсіздіктер күш көрсету сатысына өткен кезде пайдаланғанын мәлімдеді. Сондай-ақ, кейіннен қалаларды қарулы содырлардан «тазалау» кезінде де осындай әдіске жүгінген. Ал, Мемлекет басшысы террористерді ескертусіз ату туралы бұйрықты 7 қаңтарда берген болатын.

— Демек, шабуылдаушыларға қарсы оқ ату Президенттің белгілі сөз сөйлеуінен едәуір бұрын болған. Бұл жағдай туралы барлық дискуссия қоғамдық пікірді әдейі басқа бағытқа бұрып жатыр. Іс жүзінде қылмыскерлерге оқ ату үшін күштік құрылымдарға арнайы бұйрық қажет емес. Бұл туралы құқық қорғау қызметі туралы, Ұлттық ұлан туралы, терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңдарда тікелей нормалар бар. Олар адамдардың өмірі мен

денсаулығына қатер төнген жағдайда шабуылды тойтару үшін атыс қаруын қолдануға мүмкіндік береді. Дәл сондай қатерлі жағдай 5 қаңтар күні орын алып, 8 қаңтарға дейін, яғни жағдай тұрақталғанға дейін жсалғасты, — деді Бас прокурор.

«Тәуелсіздікке жасалған қастандық»

Берік Асыллов ҰҚК-нің бұрынғы төрағасы Кәрім Мәсімов пен оның бұрынғы орынбасары Садыққұловқа қатысты мемлекетке опасыздық жасау, билікті күштеп басып алуға бағытталған әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану бойынша іс сотқа берілгеніне тоқталды. Ал оның тағы екі бұрынғы орынбасарлары — Ерғожин билікті күштеп басып алуға бағытталған әрекеттер, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдалану бойынша айыпталса, Осиповке және ҰҚК бөлімшелерінің басқа басшыларына өкілеттіктерді асыра пайдалану айыбы тағылып отыр.

Отырыста қаңтардағы оқиғаларды тәуелсіз тергеумен айналысатын қоғам белсенділеріне, сондай-ақ оқиғаның бел ортасында жүріп, сол күндердің тікелей куәгерлері болған полицейлерге, дәрігерлерге, кәсіпкерлерге және еріктілерге сөз берілді. Депутаттар баяндамашылар мен құзырлы мемлекеттік органдар өкілдеріне халық көкейінде жүрген өзекті сұрақтарды қойды. Еділ Жаңбыршин қақтығыс кезінде бұрмаланған фейк ақпараттар бірнеше мақсатта таралғанын атап өтті. Атап айтқанда: «Қазақстан халқының, халықаралық қауымдастықтың алдында Президенттің беделін түсіру; елімізде атқарылып жатқан саяси және экономикалық трансформациялар ескі билікке тиімсіз екені даусыз; жалған ақпараттар тарату арқылы оң өзгерістерге халықты қарсы қойып, кедергілер келтіру», — деді депутат.

Депутат Ерлан Саиров «қаңтардағы оқиға жүйелі әділетсіздіктен шаршаған азаматтардың бейбіт наразылығынан басталғанына назар аударды. «Азаматтардың бейбіт, әділ талаптарын реваншисттер өз мақсатында пайдаланып кетті. Олардың саяси-экстремистік арандату іс-әрекеттерінің нәтижесінде жаппай тәртіпсіздікке жол берілді, мемлекеттік органдарға қарулы шабуыл жасалды, Алматы мен басқа да қалалар зардап шекті», — десе, Мәжіліс депутаты Айдос Сарым «бейбіт шеру мен жаппай тәртіпсіздікті, бейбіт наразылық пен мемлекеттік төңкерісті шатастыруға болмайтынын» айтты.

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов депутат-

тарға қаңтар оқиғасы билікті басып алудың мұқият жоспарланған әрекеті екенін анық дәлелдейтін фактілер ұсынылғанын атап өтті. Ал оны ұйымдастырушылар адамдарды және бейбіт митингілерді пайдаланып кеткен.

— Бұл, ашығын айтқанда, Тәуелсіздікке жасалған қастандық болатын! Бірақ Президентіміздің ерік-жісері, халқымыздың ақыл-парасаты мен бірлігі, қатардағы полицейлердің, дәрігерлердің, еріктілердің ерлігі арқасында біз мемлекеттігімізді қорғап, бейберекетсіздікке жол бермедік, — деген Ерлан Қошанов қаңтар оқиғасының болашақта қайталанбауы үшін сабақ алу маңызды екеніне мән берді.

Ең қасиетті борыш

Күні кеше ғана оңтүстік астанадағы Тағзым мемориалының ашылуында сөйлеген сөзінде Президент мызғымас бірліктің арқасында қатердің беті қайтқанын айтты. «Біз елдігімізді таныттық, мықты мемлекет екенімізді көрсеттік. Ел ішіне іріткі салғысы келген топтарға тосқауыл қойып, жымсысқа әрекеттің жолын кестік. Бірқатар қалада өткен бейбіт шерулер жаппай тәртіпсіздікке ұласты. Әсіресе, тәуелсіздігіміздің алтын бесігі — Алматы қаласы қатты зардап шекті. Қарақшылар қаланы қиратты. Күштік құрылымдарға шабуыл жасап, қару-жарақ қоймаларын тонады. Соның кесірінен жазықсыз адамдар опат болды. Қираған дүниені қалпына келтіруге болады. Бірақ үзілген өмір қайта жалғанбайды. Мұндай оқиға ешқашан қайталанбауы үшін біз қолдан келгеннің бәрін жасап отырмыз. Еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын қорғау — бәріміздің перзенттік парызымыз. Бұл мақсат — Президент ретінде мен үшін ең қасиетті борыш. Тұрақтылық пен татулық болса ғана, осы міндетті ойдағыдай орындай аламыз...

Біз саяси жүйені одан әрі демократияландыруға, ұлттық экономиканы монополиядан арылтуға және оның бәсекеге қабілетін арттыруға бағытталған ауқымды реформаларды жалғастырамыз. Жыл басынан бері қысқа мерзім ішінде біраз іс атқарылды. Біз жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституциямызды қабылдадық. Қазір алдымызда ауқымды әрі күрделі жұмыс тұр. Біз тұтас ел болып жаңғыру және жаңару жолына аяқ бастық. Әрине, бұл — тек басы ғана, бұл жолдың оңай болмайтыны анық. Бірақ біздің басты мақсатымыз баршаға айқын. Бұл — Әділетті Қазақстанды құру және бәріне бірдей мүмкіндік беретін қоғам қалыптастыру. Біз әрқашан бірге болсақ, міндетті түрде мақсатымызға жетеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Әділетті Қазақстанды құру — өз қолымызда!»

Біз қаңтар қасіретін ел болып еңсере білген қазақ даласында Қазақстанның жаңа даму кезеңі басталғанын сезіндік. Қасым-Жомарт Тоқаев жалпақ жұртқа «Әділетті Қазақстан» идеясын жариялады. Бұл еліміз үшін шынайы жаңару кезеңі болмақ. Көздеген мақсаттарға жету үшін ұлттық рухты жаңғыртатын ұлттық идеологияны қалыптастырудың маңызы зор болмақ. Болашақта, Президент тұжырымдағандай, еліміздің әлем картасында егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналатынынан үміттіміз. Бүгінгі мақсат та белгілі — сыбайлас жемқорлықтан таза қоғам қалыптастыру. Демек, жемқорлықсыз Әділетті Қазақстанды құру — өз қолымызда. Бұл — әрқайсымыздың, әрбір қазақстандықтың әлеуметтік жауапкершілігі әрі азаматтық парызы.

Т.ДЕРЫСАЛИН.





БАСПАНА

БАСТЫ
ҚАЖЕТТІЛІК

Алматыда 3 мыңнан астам адам
жеңілдетілген бағдарламалар
бойынша баспаналы болды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алматылықтардың әлеуметтік ахуалын жақсарту мақсатында мегаполисте атқарылған жұмыстар көп. Мәселен, өткен жылдың қорытындысы бойынша түрлі жеңілдетілген мемлекеттік бағдарламалар аясында Алматыда көпбалалы және аз қамтылған отбасылар мен жұмысшы жастарды қосқанда 3167 адам қоныс тойын тойлады.



Атап айтар болсақ, «Шаңырақ» (5-10-20) және «Бақытты отбасы» (2-10-20) несиелік бағдарламалар бойынша тұрғын үйді тиісінше 1988 және 162 адам сатып алды. «Алматы жастары» жастар бағдарламасына 971 адам қатысты. Жалдамалы баспана алу құқығын 46 алматылық пайдаланды.

«Шаңырақ» (5-10-20) және «Бақытты отбасы» (2-10-20) кезекте тұрғандар үшін жеңілдікті бағдарламалардың әкімшісі «Отбасы Банк» АҚ болып табылады. Әкімдікте есепте тұрған, тұрғын үйге мұқтаж азаматтар «Шаңырақ» пилоттық жобасының қатысушылары бола алады. Соңғы алты айдағы әрбір отбасы мүшесінің табысы айына 3,7 ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы керек. Тұрғын үйді кез келген жаңа тұрғын үй нысандарынан сатып алуға болады. Оларды әкімдіктер, «Шаңырақ» бағдарламасы аясында да, жеке құрылыс жүргізушілер де сала алады. Тұрғын үйді үлестік қатысу шарты бойынша да сатып алуға болады (пайдалануға берілмеген), бірақ құрылыс салушыда тұрғын үй құрылысының Бірыңғай операторы – «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ кепілдігі болған жағдайда ғана.

«Бақытты отбасы» (2-10-20) бағдарламасы бойынша тұрғын үйге көп балалы отбасылар, I және II топтағы мүгедек адамдар, жетім балалар және мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар үміткер бола алады. Тұрғын үйді өтініш беруші әкімдікте кезекте тұрған аймақта ғана сатып алуға болады. Кезек тізімін «Shanugaq» бөліміндегі kezekte.kz веб-сайтынан тексеруге болады. Негізгі табыс болған жағдайда несие беріледі. Негізгі табыс еңбек және/немесе кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыс болып табылады. Осы бағдарламаларға қатысу шарттары туралы толығырақ ақпарат банктің сайтында жарияланған.

Сонымен қатар, Алматы қаласында жастарды қолдау үшін екі тұрғын үй бағдарламасы іске асырылуда, олар: «Алматы Жастары» жеңілдікпен кредиттеу және 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй.

Алматы қаласының әкімдігі тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға көрсетілетін көмек көлемін дәйекті түрде арттырып келеді. 2023 жылы мемлекеттік бағдарламалар бойынша 5266 адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарлануда:

«Шаңырақ» (5-10-20) және «Бақытты отбасы» бағдарламалары бойынша несиелік тұрғын үйді 2715 отбасы алатын болады; – 401 отбасыға (көпбалалы отбасыларға отбасыларға – 185 пәтер, халықтың әлеуметтік осал топтарына – 216 пәтер) жалға берілетін пәтер беру жоспарлануда;

– «Алматы жастары» бағдарламасын кемінде 1100 адам пайдаланады (әкімнің шешімімен 2023 жылдан бастап денсаулық сақтау және білім беру саласының қызметкерлері үшін 100 пәтерге көбейтілді);

– 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар үшін 1050 пәтерді жалға беру жоспарлануда.

Керек дерек

Бүгінде
Алматыда тұрғын
үйге кезекте
38 139 азамат тұр.

ТАУ ТУРИЗМІ

САЯХАТШЫЛАРҒА –
САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Үйшікті паналаған туристер тобы құтқарылды

Алматының табиғаты қыста да, жазда да әдемі. Сондықтан болар, шетелден келетін туристердің саны жыл санап артып келеді. Шетелдік саяхатшылар арасында тауға шығу туризміне деген сұраныс ерекше.

Алматының тау кластерінің туристік әлеуетін дамытуда ең бастысы туристер мен альпинистердің қауіпсіздігі маңызды рөл атқарады. Сондықтан саяхатшыларға туризмнің барлық талаптарына сай сапалы қызмет көрсетудің пайдасы зор. Туристердің тауда қауіпсіздігі мен жайлы болуын қамтамасыз ету мақсатында Алматының туризм саласында атқарылып жатқан жұмыс шаш-етектен.

Бүгінде Алматы тауларында аса маңызды бағыттардың қиылысу нүктесінде 18 тау үйшігі бар. Олардың 3-еуі соңғы екі аптада орнатылды. Соңғы мәліметтер бойынша, тек соңғы 2 айда ғана осы үйшіктерді туристердің 10-нан астам тобы баспана ретінде паналаған.

Көлікті қажет етпейтін
спорт түрі

Тау туризмі деп таулы аймақта арнайы көлікті қажет етпейтін, альпинистік техника элементтері бар жаяу адамдардың ұжымдық күрделі жорығын айтады. Мұндай жорықтар бірнеше күнге созылып, ұзақ бағыттарға арналады. Күрделі бағыттармен жүргенде алуан түрлі табиғи жер бедері: асулар, мұздықтар, тау өзендері, тік беткейлер, т.б. күрделі жолдар кездесуі мүмкін. Сондықтан туризмнің бұл түрі қауіпті спорт түрлерінің қатарына жатқызылады. Тік беткейлер мен жоталар, қуыс-қалтарыстардан өту, ауа райы бұзылған жағдайда қар мен тас көшкіні, сел жүру қаупі, атмосфералық қысымның төмендігі мен күн радиациясының жоғарылығы, осының барлығы жинала келгенде тау туризмінің расында да қауіпті спорт түрі екенін дәлелдей түседі. Бұл әсіресе, қыс кезінде айрықша қауіпті.

Мәселен, жақында, 25 желтоқсанда «Кіші Алматы айналымы» бағыты бойынша жорыққа шыққан туристік топтан үш алматылық ажырап, адасып қалған. Тау жорығында Медеу – Кім-асар шатқалы – Фурмановка – Панорама – Башута – Шымбұлақ – Талғар үлкен асуы – Шымбұлақ – Медеу бағыттары қарастырылған.

Олар өз күштерін ескермей әрі арнайы жабдықтарсыз, азық-түлік қорынсыз Кіші Алматы шатқалындағы арнайы таулы үйшіктерді паналайды.

«Олар түскі асқа дейін топпен бірге шығып, бес сағат аралығында топтан мүлдем ажырап, адасып кетеді. Бақытымызға орай, олар күн

батқанға дейін арнайы үйшікті паналаған. Үшеуінде шамдар, жылы киімдер болған жоқ. Егер таулы үйшікті паналамағанда олар түнде қатты адасып, үсіп қалулары мүмкін еді», – дейді тау құтқарушысы Нұрбол Нұралин.

Құтқарушылар үйшіктен сағат 21.00-де хабар алады, содан кейін құрамында Нұрбол Нұралин бар құтқарушылар тобы адасқан туристерге жіберіледі. Түнгі сағат 2-де олар Кіші Алматы шатқалына жетіп, туристердің жағдайын тексеріп, оларға ыстық тамақ береді. Осылайша таңертең адасқан топ қалаға жетеді.

Тау үйшіктерін орнату жобасының басынан бері 20-дан астам топ туристік баспананы пайдаланды.

«Туристік үйшікте қонып шыққан соң олардың өте пайдалы екеніне көз жеткіздім. Үйшік мен үшін құтқарушы болды, өйткені мен тіземнің ауырсынуын сезініп, кері қарай жүре алмадым. Арнайы үйшікте түнеп шыққан соң @visitalmaty.kz-ке алғыс айтқым келеді, өйткені бұл үйде тау туристері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған: ТЖМ-ге қоңырау шалу түймесі; электр жарығы және ұялы телефонды зарядтау құрылғысы; дайындалған отыны бар пеш; шақта кружка мен компанияның логотиптері бар үш көрпе болды. Алғашқы медициналық көмек қобдишасы мен үш керулет бар, қызғылт-сары түсті үйшіктер алыстан бірден көрінеді», – деп

жазды құтқарылған турист Салтанат әлеуметтік желідегі парақшасында.

Тау үйшіктерінің
пайдасы зор

Бүгінде Іле Алатауы тауларында ауа райының қолайсыздығы немесе күрделі жорықтар кезінде туристер паналайтын жаңадан 3 қосымша тау үйшіктері орнатылды. Олар Үлкен Алматы шатқалындағы «Терра» алаңында, сондай-ақ Кіші Алматы шатқалындағы Букреев пен Құмбел шыңдарында орналасқан.

Бұл үйшіктердің пайдасы зор. Мұнда адасқан немесе басқа да қиындықтарға тап болған саяхатшыларға өз өмірін сақтап қалуға көмектесетін барлық мүмкіндік қарастырылған. Бұл жерде тек қана жылынып қоймай, өзіне немесе қасындағы серіктесіне алғашқы медициналық көмек көрсете алады. Онда алғашқы медициналық көмек қобдишасы, мобильді құрылғыларды зарядтау станциясы, жылы көрпе және бұзылмайтын азық-түлік жиынтығы (сірінке, тез дайындалатын кеспе, крекер, банкадағы ботқа, отын) бар. Арнайы үйшіктер алыстан көзге бірден шалынатын ашық қызғылт-сары түске боялған. Тау лашықтары орнатылғанда әрқайсысы офлайн картамен бірге белгіленген. Яғни туристер осы картаның көмегімен нақты қай бағытта жүргендерін анықтай алады. Шынымен, мұндай үйшіктердің төтенше жағдайлар туындаған кезде немесе ауа райы қолайсыз болғанда туристерге көрсетер көмегі мол. Ендеше, туризмнің кенге қанат жаюына жағдай жасау, міне осындай қарапайым элементтерден тұрса керек.





СЕНАТОРМЕН СҰХБАТ

ДАМУДЫҢ
ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» бастамасымен елдің дамуының перспективалық бағыт-бағдары айқындалды. Осы жолда оң өзгерістер жүзеге асуда

Әділ қоғам –
жарқын болашақ

– Нұртіре Байтілесұлы, «Әділетті Қазақстан» ұғымын бұқара қалай ұғына алады. Мұның негізі қандай?

– Мемлекет басшысының ең өзекті етіп көтергені, ол – заң үстемдігі. Өздеріңіз білетіндей, заңдар қабылданады және орындалуы керек. Өйткені, осыған дейін түрлі заңдар қабылданып келді. Алайда, орындалу процесінде толық жүзеге аспай жататыны оқта-текте болып тұрды. Сонау даңышпан Абай атамның қара сөздерінде ең басты екі нәрсеге тоқталады. Олар – әділет пен махаббат. Дүниенің жаратылысында осы екі нәрсе болмаса, қалғанының бәрі теңгерімсіздікке алып келетінін айтады. Әділет идеясы 100% орнықтыру мүмкін емес шығар. Бірақ қоғамның негізгі бағыттары соған бағытталуы қажет. Әділетті Қазақстан деген ойдың негізгі өзегі сонда тұр.

Заң үстемдігі қажет

– Бізде заң үстемдігі артып келе ме?

– Мәселен, екі адам дауласа қалса, кімге жүгінетінін білесіз. Әрине, үшінші адамға төрелік айтуға жүгінеді. Ал енді төрелік айтушы әділ, тура болса, дұрысын айтса, ол төрелікке көнесіз. Дегенмен, теріс шешім шығаратын жағдайда да болуы мүмкін. Сондықтан құқықтық нормалардың сақталуын қадағалайтын заң органдары барынша таза, сапалы іс атқаруы керек. Соның ішінде сот жүйесінің әділдігі көп көтеріліп жүрген мәселе саналады. Жақында Конституциялық сот құрылды. Оның мүшелері Парламентпен келісе тағайындалды. Бұл да болса, демократиялық, жанарған кезеңге аяқ басудың игі қадамдарының көрінісі саналады.

Заң үстемдігі дегенде, бастысы – адам құқығы. Ол жөнінде де өкілетті орган бар. Азаматтар үшін негізгі мәселе өз құқықтарының қорғалуы, қоғамда мамыражай күн кешуі болып табылады. Түптеп келгенде, сот жұмысының ашықтығы, төреліктің әділ болуы, кісінің құқығының қорғалуын қамтамасыз етуі басты назардан түспеуі шарт. Мемлекет ісі әр адамның құқығының қорғалуында, білім алуға, денсаулығына ем алуға және тағы да басқа жұмыс істеуде байқалады деп ұғамыз. Сол себепті де, баршамыз бірлесіп, татулықты сақтап, әрбіріміз өз саламызда жемісті жұмыс істей білсек, көшті бастап, топтың алды боларымыз анық.

Заман ептінің қолында

– XXI ғасырдың жастары қандай болуы керек?

– Көп дүние әркімнің өз белсенділігіне байланысты. Қожанасырдың «түйенің үстінде талқандауды үйреткен өзім едім»

Мегаполиске бір топ сенатор жұмыс сапарымен шаһардың жай-күйін, ахуалын білу мақсатында әрі дамыту жолдарын анықтау үшін жергілікті жұртшылық, атқамінерлермен жүздесті. Орайлы сәтті пайдаланып, Алматыдағы әлеуметтік кәсіпкерлік, экология, елдегі заң үстемдігі, баспана жайы, жастар саясаты сынды бірқатар көкейкесті мәселелерді қозғап, ҚР Парламент Сенатының депутаты, Әлеуметтік мәдени-даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртіре ЖҮСІПТІ әңгімеге тартқан едік.

деген сөзі бар ғой. Сол секілді, бәрін береді екен деп жата бермеу керек. Ең бастысы, еңбектену маңызды. Бізден озып кеткен елдердің жүріп өткен жолына қараған абзал. Қанша дегенмен, қарыштап дамыған мемлекеттердің тәжірибесін қарау керек. Мысалға, Жапония, Корея, Қытайда таңғы сағат 5-тен бастап іске кіріседі. Олардың тынымсыздығы таңдандырады. Соның арқасында технологиялық прогресс өте жоғары. Ғаламда ғаламат ойлап табудан алғашқы орында келеді. Үлгі алатын нәрсе көп-ақ.

Қазіргі таңда «Жастар саясаты туралы» заң қабылданды. Бұрын жастардың жас шамасы 29-тұғын. Енді 35-ке көтерілді. Бұрын жуықтап алғанда 3 миллион төңірегінде жастар бар еді. Осыдан кейін 6 миллионға көбейді. Былайша айтқанда, саны 2 есеге артты. Бұған дейінгі жас санаты бойынша олар түрлі әлеуметтік бағдарламаларға, үй алуға қатыса алмай қалатын. Бұдан былай оның өз шешімі табылды. Сонда да жасың 35–40-ты алқымдаса да, жас болып жүре беруге де болмайды. Халық даналығында «болатын бала 15-інде басын дер, болмайтын бала 30-ында жасын дер» деп тәмсілдейді. Жас азаматтарға жасалып жатқан мүмкіндіктер аясы өсті. Мұның мәнісі жастарды қолдау екені айқын.

Қазақ мемлекетінің дамуына серпін беруде жас адамның қуаты, қайраты, жігері аса қажет. Әсіресе, ел басқаруда, азаматтық ұстанымда жаңа тектің өсуі барлығынан маңыздырақ. Жаңа тұлғаларымыздың қалыптасуы, елдің ертеңі, жарқын келешегінің айғағы іспетті нәрсе. Сондықтан да айрықша көңіл бөлудің түпкі мәні осында. Жаңарған, жаңғырған қоғамда, мемлекет ісінде, саясат пен экономикада бәрін кадр шешеді деген бекер емес. Отаншыл рухтағы кадрларды өсіріп шығаруда жас толқынның белсенділігі көрініс бергені жөн. Үлкендер ақыл-кеңес білдірсе, кейінгі буынның соны іс жүзінде іске асыруы Отан алдындағы міндет пен ізгі абырой болмақ.

Осы орайда, ауыл жастарына да көңіл бөлінуде. Жалпы, ауыл мен қала деп бөлінбей, тізе қосып әрекет қыла берген жөн.

Баспана мәселесін
тездетіп шешу керек

– Өзіңіз баспана мәселесін айтып өттіңіз, осының шешімі қашан табылады?

– Адам болғаннан кейін оның басында баспана болуы керек. Ол жағы түсінікті де. Бірақ кез келгеннің бұған қолы жете бермей тұр. Жас отбасылардың ахуалы толғанғады. Бұны тездетіп атқамінерлер қолға алып, түйткілді уақыт оздырмай таратқаны дұрыс. Әйтпесе, бір мәселе екіншісіне қосақталып жинала беретін түрі бар.

Елімізде ипотекалық бағдарламалар түрі де, саны да аз болып тұр. Ол хәм

көпшілікке тиімсіздеу. Небәрі 5-6 бағдарлама бар шығар. Онымен жастарды, жас отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету қиын. Сондықтан жастардың барлық санатын қамтитындай бағдарламалар қатары артса екен. Тек мемлекеттік қызметте істейтіндер ғана емес, өмірдің әр саласында іс атқаратындардың да жағдайын ескерейік. Таяқтың екінші ұшы бәрін да ұмытпайық. Елде 200–300 мың көлемінде ештеңеге қызықпайтын азаматтарымыз бар. Оларды да еңбекке, үлкен-үлкен бизнес жобаларға тарта білу керек болып тұр. Ол да ауқымды мәселе. Міне, осыларды бірлесіп, қоғам, ел-халық болып келісіп, түйінін тарқатсақ, үйлі-күйлі болудың реті өздігінен табылар еді.

– Агломерация туралы заң қабылданғанын білеміз. Мұны жүзеге асырудың тетіктері қандай?

– Өзекті сауал бердіңіз. Жуырда Президентіміз Алматыға жасаған жұмыс сапары кезінде әлеуметтік кәсіпкерлік, еркін экономикалық аймақ, ескі тұрғын үйлерді жаңғырту, экология проблемалары туралы бастама көтеріп, нақты тапсырмалар берген болатын. Соның ішінде несие, салықтық жеңілдіктер жайы да назардан тыс қалмады. Сол мақсатта алматылықтармен біз де кездесіп, олардың ой-пікірлерін түргіп алып жүрміз.

Биылдан бастап осы аталған істердің бір парасы орындала бастайды. Сол кезде бөлінген қаражатты тиімді игере білу жағы тағы бар. Бизнес жобаларды қолға алу, дамыту жас кәсіпкерлерді өсіріп шығару жағы заңнамалық тұрғыдан қадағаланады. Агломерация өте маңызды нәрсе. Өңір мен мегаполис бір аймақта орналасқаннан кейін бір-бірімен қолтықтасып, қабаттаса тірлік қылғаны абзал деп түсінеміз. Сонымен бірге, «Цифрлық активтер» жөнінде де заң күшіне енді. Қазақстанның жері шалғай. Бұл жағынан келгенде де оң өзгерістер болмақ. Негізгісі энергетикалық тапшылықты жоюға бағытталады. Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында жарық, қуат жетіспеушілігі сезіледі. Халық тығыз отырған жақтарда мұндай мәселені болдырмау жағы қарастырылып жатыр.

Алматы кәсіпкерлік, мәдени, рухани болсын, қай салада болса да, баршаға үлгі болуы қажет деп есептейміз.

Бірлесек,
бәрін еңсереміз

– Инфляцияны қалай ауыздықтаймыз?

– Әлгінде біраз мәселені тілге тиек еттік. Соның ішінде біраз дүние мензелді. Бүгінде инфляцияны тізгінге көндіру оңай болмай тұр. Бұған тікелей әсер етіп тұрған фактор – жаһандық геосаяси тұрақсыздық пен қаржылық дағдарыс. Бар шаруаны сыртқы жағдайға тиіп қойып отыруға да болмайды. Бізде әлеуметтік кәсіпкерлік салада жетіспейтін нәрсе – қойма. Азық-түлікті мезгіліне қарай жинаймыз. Бірақ соны сақтайтын дені дұрыс қойма болмай тұр. Ол әлі күнге дейін салынбады. Өкінішке қарай, Қазақстан бойынша осы міндет жасалмады. Қыс, көктемде баға шарықтайды. Оны тұрақтандыра алмай әбігерге түсеміз. Содан барып, осыған дейінгі еткен еңбек заа кетеді. Одан соң әр жақтағы картоп, жуа, сәбіз сияқты т.б. заттардың ортақ мәліметтер базасы жоқ. Сол себепті де, қайда, қанша, не бар екенін аңғара алмай далмыз. Қазіргідей сандық технология заманында осыны істеу қиынға соқпайды. Мұны қолға алып жатқан көрінеді. Десе де, тездеткен жөн. Осындай түйткілдерді жылдамдатып шешсек, нұр үстіне нұр болар еді. Сонда мемлекетіміз өркениет көшін бастайды деп сенеміз.

– Үлкен рахмет!

Әңгімелескен Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

АКЦИЯ

Жастардың
таңдауы –
жемқорлықсыз
мемлекет

Алматыда «Әділетті Қазақстан – Жастардың таңдауы» акциясы басталды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қолдауымен «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің акциясына арналған брифинг өтті.

«Әділдік жолы» ҚБ Алматы қалалық филиалының директоры, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комитетінің мүшесі Бауыржан Мақұлбаев жарияланған акцияның жастарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру үшін тартуға бағытталғанын айтты. Бұл идеяны белгілі кәсіби боксшы, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Қанат Ислам қолдады.

Спикер сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңыздылығы оның жан-жақты болуы қажеттігінде деп есептейді. Тек мемлекеттің ғана емес, бүкіл азаматтық қоғамның біріккен күш-жігері қажет.

Сондықтан да осыған дейін акция аясында «Әділдік жолы» мен Ғылым және жоғары білім министрлігі арасында студент-жастарды науқанға тартуға және университеттер қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын.

Бауыржан Мақұлбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге қатысты сұрақтар бойынша тегін кеңес алуға болатын арнайы 1463 колл орталық қосылғанын айтты. Сонымен қатар, әлеуметтік желіде жастардан хабарламаларды қабылдап, өзекті жаңалықтарды жеткізетін парақшалар ашылды.

Акциямен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы идеялар мен жобалардың үздіктерін анықтауға арналған жарыяланды, онда әрбір адам жемқорлыққа қарсы өз көзқарасын ұсына алады.

Өтінімдер info@adildik.kz электронды мекенжайы бойынша 2023 жылдың 15 қаңтарына дейін қабылданады. Одан кейін байқау комиссиясы еліміздің әр өңіріндегі үздік жұмыстарды таңдап, бағалы сыйлықтармен марапаттайды. Сонымен қатар, кейбір идеялар эксперименттік пилоттық жобалар ретінде жүзеге асырылады.

«Қазақстанның жалпы жастарын аталған акцияға белсенді қатысуға шақырамыз. Әділетті Қазақстанды қалыптастыру әрбір азаматқа байланысты және бірінші кезекте, жастарға байланысты. Алматыдағы «Әділдік Жолы» РҚБ филиалының байланыс телефоны 8 701 222 65 55», – деп хабарлады Б.Мақұлбаев.

Брифинг жұмысына сонымен бірге, кәсіби боксшы Қанат Ислам қатысты, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы идеяны қолдады.

«Мен осы акцияға қатысатыным үшін өте қуаныштымын. Қазақстан азаматы, бір жағынан ата-ана ретінде біз әрқашан әділеттілікті талап етеміз. Қазір балаларымыз өсіп келеді, бәріміз ата-ана ретінде Жаңа Қазақстанда, жемқорлықсыз мемлекетте жақсы өмір сүргіміз келеді», – деді Қ.Ислам.

Досбол АТАЖАН.



ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ АЛМАТЫДА

КӨРМЕ



«Әралуан әлем»

Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің және Масарик атындағы еуропалық алтын медаль иегері, суретші Алпысбай ҚАЗЫҒҰЛОВТЫҢ «Әралуан әлем» атты жеке көрмесі ашылды. Көрмеге автордың жеке жинағынан алынған 100-ге жуық туынды қойылған.

Алпысбай Қазығұлов еліміздің бейнелеу өнеріне 1980 жылдары келген суретшілер буынына жатады. Бұл уақытта Қазақстанның көркемсурет өмірі шындықты көрсетудің жаңа аспектілерімен ерекшеленді. Оның шығармашылығының тақырыптары – уақыттың байланысы, ата-бабалардың рухани мұрасы, көшпенділер әлемі, ауыл мен дала философиясы, ежелгі әдет-ғұрыптардың сабақтастығы. Кескіндемешінің туындылары халықтық рухқа толы, сонымен бірге, заманауи көркемдік процестердің проблемаларымен жақсы үйлеседі.

«Бірегей суретшінің колориті бай, ал композицияның ұйымдастырылуы керемет – түс, бояу қабатының фактурасы және қылқаламның қозғалысы біртұтас, симфониялық дыбысқа біріктіріледі. Суретші бояуларды бірден кенепте араластыра отырып, композицияның жалпы түстік құрылымын жасайды. Кенептің беті күрделі құрылымдық

жүйе ретінде жұмыс істейді, онда бір ғана бөлікті, жалпыға тиіспей өзгерту мүмкін емес. Фактура автордың бастан кешкен эмоцияларының толқынын көрсететін туындыны жазу кезіндегі түс ізденістердің күрделілігіне, бояу қабаттарына тікелей байланысты. Суретшінің шығармаларындағы колорит – бұл тек үйлесімділік немесе композицияларындағы түс комбинацияларының сұлулығы ғана емес, сонымен қатар қабілет, мәңгілікке жаңару, осы комбинацияларды іздеу, тақырыптың өзгеруімен бірдей шынайы дүниетаным шеңберінде жаңа шешімдер табу қажеттілігі болып табылады», – дейді көрме жетекшісі Самал Мамытова.

Көрме 22 қаңтарға дейін жалғасады (11.00–18.00).

Мекенжайы: Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3» ықшамауданы, 22/1).



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ФОТО-МАРКЕТ

«WINTER PRINT SALE»



Алматыда осындай атаумен ерекше үлгідегі фото-маркет өтіп жатыр. Бұл жерден сіз көздің жауын алатын әдемі суреттердің көрмесін де, заманауи үлгідегі фотосуреттерді де тамашалай аласыз.


Оған әртүрлі бағыттар мен әдістерге негізделген 17 автордың көшедегі стрит-фотосуреттерден бастап пинхол мен коллажға дейінгі туындылары бар. Көрмеде авторлардың әрқайсысының Орталық Азия аймағына деген көзқарасын байқауға болады. Жоба авторларының арасында кәсіби мамандармен қатар, бұл салаға жаңа қадам басқан жас суретші-

лер де бар. Суреттердің барлығы өте жоғары сапалы көрме қағазында басылған. Сондықтан көрермендер мұндағы суреттерден ерекше әсер алады. Көрмені тамашалау – тегін.

Көрменің есігі 15 қаңтарға дейін ашық. Сағат 12.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді. Мекенжайы: Гоголь көшесі, 40, Үлкен сахна.

«ЖАС САХНА»

Балаларға базарлық



«Жас сахна» театрында кішкентай көрермендерге арналған Корней Чуковскийдің «Көңілді Чукоккала» атты көңілді музыкалық ертегісі болып жатыр. Терең ой мен адамгершілік үйлесім тауып, астарлы әзілге негізделген жаңа қойылымда орындаушылардың шеберлігі мен талантын байқауға болады.

Көңілді музыкалық қойылымда көрермендер әнші немесе биші болған ерекше жәндіктердің өнерін тамашалайды.

Спектакль 7, 8 қаңтар күндері Абай даңғылы, 117 мекенжайындағы «Жас сахна» театрында болады. Басталуы сағат 12.30-да және 14.00-де.



ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ?



ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

Акустикалық кеш

Atman and Rumi & Yannis тобы сүйікті Latino night бағдарламасына шақырады. Онда сізді Латын Америкасы музыкасының акустикалық кеші күтеді.

Махаббатты, құмарлықты, қуаныш пен бақытты толық сипаттайтын шығармашылықты өз көзіңізбен көріп, сезінгіңіз келсе, әдемі кештен ләззат алыңыз. Сіздер үшін Gypsy king, Sergio Mendes, Sara және тағы басқалардың әлемдік хиттері шырқалады. Жас шектеуі: 12+. Егер билет сатып алсаңыз, оны көрсетілген контактілер бойынша брондау қажет.

Кеш 15 қаңтарда, Абай даңғылы, 117 мекенжайында өтеді. Басталуы сағат 21.00.

БЕКЗАТ ӨНЕР

Esentai галереясында «VALORI PLASTICI» топтық көрмесі ашылды. Көрмеде заманауи қазақстандық жетекші және жас суретшілер мен мүсіншілердің жұмыстары ұсынылған.

Көрменің атауы Джорджио де Чириконың (1888–1978) жұмысының «метафизикалық» кезеңіне сілтеме жасайды. Ол өзінің алғашқы еңбектерінде уақыттан және адам логикасынан тыс, ұйықтап жатып көрген түсінен шыға алмайтын жұмбақ әлемді суреттеген. Де Кирико метафизикалық өнердің негізгі идеяларын VALORI PLASTICI (итальян тілінен аударғанда «пластикалық құндылықтар» деген мағына береді) итальяндық журналда жариялаған. Метафизикалық өнердің негізгі идеясы, жазушы Гийом Аполлинердің пікірінше, кескіндеме бағытына өз қолтаңбасын қалдырған адам әдеттегіден ерек көрінеді.

VALORI PLASTICI көрмесінің кураторы Тоғжан Сақбаева қонақтарды көрмеге қатысушылардың жұмыстарында бейнеленген жұмбақ бейнелер арқылы мәңгілік кеңістікке елітуге шақырады. Ал көрермендер шындық пен мифтер арасындағы кеңістікке енетін бейнелермен диалог құруға мүмкіндік алады. Туындаған сұрақтарды өзара талдай отырып, әлемнің кереметтерін білуге тырысады.

Көрмеге Әлібек Мергенов, Екатерина Никонорова, Катя Кан, Толқын Сақбаева, Ирина Дмитровская, Бақыт Бубиканова, Кенжебай Дүйсембаев, Сәуле Дүйсенбина, Сырлыбек Бекботаев, Мәдина Ақмолдаева, Муниса Гу-

«Пластикалық құндылықтар»



лиева, Шекер Шәкір қатысады. Көрме 2023 жылдың 16 қаңтарына дейін жалғасады.

ТЕАТР

Талантқа құрмет

Көрнекті қазақстандық ақын, жазушы және әдебиет сыншысы Олжас Омарұлы Сүлейменовтің 85 жасқа толу құрметіне Б.Омаров атындағы «Жас сахна» театры мерейтой иесінің «Қыш кітап» («Глиняная книга») желісімен қойылған «Шамхат» спектаклін қойды.

— «Шамхат» — біздің бабаларымыздың қилы тағдырын поэтикалық тұрғыда терең жеткізе білген автордың талантына деген құрмет секілді. Біздің спектакль терең де сырлы махаббатқа, оның қыры мен сырына толы. Дюманың романындағы Атостың: «Махаббат — бұл ең соңында ажал жеңімпаз болып шығатын лотерея сияқты», — дейтін жері бар ғой. Бірақ басқа бір ақынның «Бақытсыз махаббат болмайды, тіпті ол адамды өлтірсе де» дейтіні бар. Қалай десек те, сахнаға мәңгілік тақырып — жақсылық пен жамандықтың, ақ пен қараның, махаббат пен ғадауаттың күресі шығады, — дейді шығарманың қоюшысы Иван Ставиский.

Өтетін орны: «Жас сахна» театры, Абай даңғылы, 117-үй
Уақыты: 8 қаңтар, сағат 19.00.

ӨНЕР



«Азия дауысын» тыңдайтын боламыз


Алматының төлқұжатына айналған халықаралық «Азия дауысы» фестивалі қайта жанданады.

Ән байқауы бұрынғы дәстүрге сай шілде айының соңында, «Медеу» мұз айдынында өтпек. Бұл жайында фестивальдің жаңа бас продюсері А.Байтасов хабарлаған болатын.

«Азия дауысы» фестивалі алғаш рет 1990 жылы продюсерлер Мұрат Ерғалиев және Александр Пономаревтің ұйымдастыруымен өткені есімізде. Аталған фестивалді көрермен асыға күтетіні де жадымызда. Өнер додасы соңғы рет 2004 жылы ұйымдастырылған болатын. Штаб мүшелері мәдени іс-шараның деңгейін бұрынғыдан арттыра түссек деп бекініп отыр.

«Қызымның қорғаушысы»

Алматыда тағы бір отандық фильм көрерменге жол тартты.



Экшн жанрындағы «Қызымның қорғаушысы» деп аталатын туындыны Tiger Films продюсерлік компаниясы түсірген. Фильмге кино және эстрада жұлдыздарымен қатар, қоғам белсенділері де түскен.

Асқар есімді бұрынғы әскери қызметкер әйелі мен қызынан, барынан айырылып қалады. Жігіттің терең тұңғышқа, депрессияға түсіп, өз-өзін жоғалтып бара жатқанын көрген таныстары оны бір қалталы кәсіпкердің қызына окқағар етіп жұмысқа орналастырады. Ал алтынмен апталып, күміспен күптелген аруды құшқысы келіп, ұрлауға бекініп, торуылдап жүргендер әлбетте көп. Кейіпкер Асқардың фильмдегі ролі осылай басталады.

Басты рөлдердің бірін Тәуекел Мүсілім ойнайды. Ал бизнесменнің 17 жастағы қызы Аружанды Амира Махмудова сомдап шыққан.

Картинаның режиссері және сценарисі Алена Алмаздың бұл алғашқы толықметражды фильмі екен.

Нұр ЖАМАЛ.



КЕРЕК ДЕРЕК

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

мөлшері биыл қаншалықты өсті?

Мемлекетті халық құрайды. Сондықтан Үкіметтің назарында бірінші кезекте сол қалың әлеуметтің жағдайы тұрады. Міне, жаңа жыл да басталды. Осы орайда халықтың жаңашылдық, әлдебір өзгеріс күтуі, жақсылықтан үміттенуі заңдылық.
Біз ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысы Асқар Аймағамбетовпен сұхбаттасқан болатынбыз.



– Биыл зейнетақы мен жәрдемақы бойынша қандай тың жаңалықтар, өзгерістер бар, осы жөнінде тарақта отырсаңыз.

– Түрлі әлеуметтік төлемдерді есептеу кезінде пайдаланылатын базалық көрсеткіштер «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңмен бекітілді. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай көрсеткіштер белгіленді:

– айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3450 теңгені құрайды;

– ең төменгі зейнетақы – 53 076

теңге;

– базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) – 40 567 теңге;

– ең төменгі жаалақы мөлшері – 70 000 теңге.

Осы ретте 2023 жылы жаңадан тағайындалатын зейнетақы мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс 55 еселенген АЕК-тен (189 750 теңге) аспайтынын атап өткен жөн. Биылдан бастап, тиісінше, жоғарыда аталған көрсеткіштермен байланысты әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік жәрдемақылар өсті.

– Бұл өзгерістердің жасына және ұзақ жылдар еңбек еткен уақыттарына байланысты тағайындалатын зейнетақы төлемдеріне әсері қандай болмақ?

– Жасы мен еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы төлемдері 10,5 пайызға өсті. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыстың ұлғаюына байланысты, егер олардың орташа айлық табысы жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 46 еселенген АЕК есептеу кезінде шектелген болса, 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шыққан зейнеткерлердің зейнетақы мөлшері ұлғайтылады. Бұл ретте 55 АЕК шегіндегі кірісті негізге ала отырып есептелген жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері алынатын мөлшерден 10,5%-ға жоғары болуы мүмкін емес. Табысы 46 АЕК-тен аспаған немесе зейнетақысы бұрынғы қолданыста болған зейнетақы заңнамасы ескеріле отырып, бұрыннан тағайындалған барлық зейнеткерлер үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 10,5 пайызға өсті.

Мәселен, ер адамға жасына байланысты зейнетақы төлемі 2022 жылдың 10 тамызынан бастап тағайындалды делік. 1998 жылға дейінгі жұмыс өтілі – 22 жыл. Үш жыл қатарынан үзіліссіз жұмыс істеген кездегі ұсталған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алғанда орташа айлық табысы – 350 000 теңге.

Зейнетақы заңының бұрын қолданыста болған нормаларына сәйкес, зейнетақы төлемдерін есептеу кезінде 46 АЕК мөлшерінен аспайтын сомадағы орташа айлық табыс ескерілді, яғни 2022 жылғы тамызда бұл 146 280 теңгені (3180 (АЕК) x 46) құрады. 22 жыл жұмыс өтілі бар және бұл ер адам үшін толық емес жұмыс өтілі (толық 25 жыл) болғандықтан, зейнетақы мөлшері зейнет-ақының толық мөлшерінен жұмыс істеген жұмыс өтіліне пропорционалды түрде есептеледі. 146 280 x 60% = 87 768 тг – бұл 25 жылдық еңбек өтілі бар зейнетақының толық мөлшері; 22 жыл – бұл 264 ай; 25 жыл – бұл 300 ай. 2022 жылғы тамызда тағайындалған зейнетақы төлемдерін есептеу: 264:300 x 87 768 = 77 236 теңге.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап өсудің екі нұсқасы есептелді:

– бірінші нұсқа: 77 236 x 10,5% = 85 346 теңге;

– екінші нұсқа: 264:300 x 113 850 = 100 188 теңге, мұндағы 113 850 тг – 2023 жылы зейнетақы төлемдерін есептеу кезінде ең жоғары есепке алынатын табыстан зейнетақының толық мөлшері (3450 (АЕК) x 55 = 189 750 тг; 189 750 x 60% = 113 850 тг). Бұл жағдайда біз өсудің осы нұсқасын есептей алдық. Өйткені, біздің мысалда жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде берілген орташа айлық табыс 350 000 теңгені құрады.

Тағы бір мысал. Зейнетақы төлемдерін есептеу үшін берілген орташа айлық табыс 160 000 теңгені құрайды делік.

2023 жылдың қаңтарынан бастап қайта есептеу келесідей болады:

– бірінші нұсқа: 77 236 (жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің қаңтарға дейінгі қалыптасқан мөлшері) x 10,5% = 85 346 теңге;

– екінші нұсқа: 264:300 x 96 000 = 84 480 теңге, мұндағы 96 000 теңге – зейнетақының толық мөлшері (160 000 x 60%).

– Ал мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі қалай сақталады?

– Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне қосымша мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі төленеді, оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты болады. Зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін әзірленген жұмыс өтіліне жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі қосылады, ол жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңділігі бойынша айқындалады. Иә, 2023 жылдың қаңтарынан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшерін есептеу тәртібі біршама өзгерді. Егер бұрын 0-ден 10 жылға дейінгі еңбек өтілі болған жағдайда оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТКД) 54 пайызын құраса, онда биылғы 1 қаңтардан бастап бұл пайыз 60-қа дейін көтерілді. 10 жылдан асатын әрбір толық жыл үшін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері екі пайызға артады, бірақ жалпы алғанда 100 пайыздан аспайды.

Мәселен, жиынтық жалпы өтілі 25 жыл болған жағдайда мемлекеттік базалық зейнетақының мөлшері 2023 жылғы қаңтардан бастап ЕТКД мөлшерінің 90%-ын құрайды (бұрын қолданыста болған нормалар бойынша 84% еді). Ал 30 жыл және одан жоғары болған жағдайда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері 2023 жылғы қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100 пайызы мөлшерінде есептелетін болады.

– Бала тууына байланысты тағайындалатын жәрдемақылар қаншалықты өсті?

– Бірінші, екінші және үшінші бала туған кезде 131 100 тг (38 АЕК); төртінші және одан да көп балаға 217 350 тг (63 АЕК) төленеді. Ал егер егіз (үшем және т.б.) туған жағдайда біржолғы туу жәрдемақысы әр балаға төленеді және оның мөлшері туу тәртібіне байланысты. Тағы бір жаңалық, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биылғы қаңтардан бастап бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімі бала 1,5 жасқа толғанға дейін ұлғайды (бұрын бір жасқа дейін төленген) және оның мөлшері:

– бірінші балаға – 19 872 тг (5,76 АЕК);

– екінші балаға – 23 495 тг (6,81);

– үшінші балаға – 27 083 тг (7,85);

– төртінші және одан да көп балаға – 30 705 тг (8,9).

Жұмыс істейтін аналарға бала күтіміне байланысты үйінде отырып табысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем де мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 1,5 жылға дейін ұзартылады және оның мөлшері бала туғанға дейінгі соңғы 24 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды.

Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға мемлекеттік жәрдемақы ЕТКД мөлшерінен 1,4 көлемінде төленеді. 2023 жылғы қаңтардан бастап осы жәрдемақының мөлшері 56 794 теңгені құрайды. I топтағы бала кезінен (яғни 18 жасқа дейін) мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамдарға берілетін жәрдемақылар 2023 жылғы қаңтардан бастап 56 794 теңгені (ЕТКД-нен 1,4) құрайды.

– Әрине, көпбалалы отбасылар да назардан тыс қалмаған болар, оларға көрсетілетін жәрдемақылар туралы да айта отырсаңыз?

– «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы мөлшері 22 080 теңгені (6,4 АЕК) құрады. Өзімен бірге тұратын төрт және одан да көп көмелетке толмаған балалары бар көпбалалы отбасыларға 2023 жылғы қаңтардан бастап тағайындалған жәрдемақы мөлшері:

– төрт балаға – 55 304 тг (16,03 АЕК);

– бес балаға – 69 138 тг (20,04);

– алты балаға – 82 973 тг (24,05);

– жеті балаға – 96 807 тг (28,06);

– сегізінші және одан да көп балаға – әр балаға 13 800 теңгеден – 4 АЕК.

– Мүмкіндігі шектеулі жандарға тағайындалатын әлеуметтік жәрдемақылар туралы не айтар едіңіз?

– Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар оларды алушылардың әртүрлі санаттары бөлінісінде мынадай мөлшерде төленеді:

– жалпы ауруы бойынша, жұмыс кезінде мертігуіне немесе кәсібіне байланысты мүгедектігі бар адамдарға, бала шағынан мүгедектерге:

– I топтағы мүгедек адамдарға – 77 889 тг (1,92 КД);

– II топтағы жандарға – 62 068 тг (1,53);

– III топтағы адамдарға – 42 190 тг (1,04);

– 0-ден 7 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 56 794 тг (1,4);

– I топтағы 7 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 77 889 тг (1,92);

– II топтағы 7 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 64 502 тг (1,59);

– III топтағы 7 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 56 794 тг (1,4);

– I топтағы бала кезінен мүгедек адамдарға – 77 889 тг (1,92);

– II топтағы бала кезінен мүгедек адамдарға – 64 502 тг (1,59);

– III топтағы бала кезінен мүгедек адамдарға – 48 681 тг (1,2).

Әскери қызметін өтеу кезінде алған жаракаты, контузиясы, мертігуі, ауруы салдарынан мүгедек болып қалған мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілер қатарындағы мүгедек адамдарға; азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі апаттардың зардаптарын жою кезінде не ядролық объектілердегі апаттық жағдайлардың салдарынан мүгедек болған адамдарға; төтенше экологиялық жағдайлардың салдарынан, оның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар жүргізу кезіндегі радиациялық әсердің және/немесе себеп-салдарлық байланыс белгіленген жағдайда олардың салдарынан мүгедек болып қалған адамдар:

– I топтағы мүгедек адамдарға – 113 994 тг (2,81 КД);

– II топқа – 97 361 тг (2,4);

– III топқа – 81 540 тг (2,01).

Әскери қызметін өтеу кезінде алған жаракаты, контузия, мертігу, ауруы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер (мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерден басқа) қатарындағы мүгедек жандарға; қызметтік міндеттерін атқару кезінде мүгедек болып қалған ішкі істер органдарының және ҚР-ның бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлеріне:

– I топтағы мүгедек адамдарға – 139 551 тг (3,44 ПМ);

– II топқа – 107 503 тг (2,65);

– III топқа – 81 540 тг (2,01).

– Өмір болған соң түрлі жағдайлар орын алады. Асыраушысынан айырылған жағдайдағы әлеуметтік жәрдемақылар көлемі қандай болды?

– Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төмендегідей:

– еңбекке жарамсыз 1 адам болған жағдайда – 34 888 тг (0,86 ЕТКД);

– 2 адам болған жағдайда – 60 445 тг (отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,49 ЕТКД);

– 3-еу – 75 049 тг (отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,85);

– 4-еу – 79 512 тг (отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,96);

– 5-еу – 82 352 тг (отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 2,03);

– 6 және одан да көп еңбекке жарамсыз мүшелері үшін әрбір жәрдемақы мөлшері 2,11 ЕТКД-не (85 597 теңгеден бастап) тең үлесі ретінде есептеледі;

– ата-анасының екеуінен де айырылған тұл жетім балаларға бір айлық жәрдемақы – 47 870 тг (1,18 ЕТКД) мөлшерінде (әр балаға, отбасының басқа еңбекке жарамсыз мүшелеріне – 21 907 тг (0,54 ЕТКД) мөлшерінде, бірақ 2,56 ЕТКД-нен аспайтын (103 852 тг) мөлшерде тағайындалады.

– №1 тізім бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақы – 32 499 тг (9,42 АЕК); №2 тізім бойынша – 28 911 тг (8,38 АЕК).

Қайтыс болғанда жерлеуіне төленетін біржолғы төлем:

– Зейнетақы мен жәрдемақы алушыларға – 54 165 тг (15,7 АЕК);

– ҰОС ардагері болған зейнетақы алушыға – 126 270 теңге (36,6 АЕК).

Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар:

– Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 55 200 теңге (16 АЕК);

– «Ардагерлер туралы» заңның 5-бабының 1–5-тармақшаларында көрсетілген, басқа мемлекеттер аумағындағы әскери қимылдарға қатысқан ардагерлерге – 21 356 теңге (6,19 АЕК);

– «Ардагерлер туралы» заңның 5-бабының 6–8-тармақшаларында көрсетілген, басқа мемлекеттер аумағындағы әскери қимылдарға қатысқан ардагерлерге – 16 560 теңге (4,8 АЕК);

– жеңілдіктер бойынша ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдарға – 21 356 тг (6,19 АЕК);

– жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдарға – 26 048 тг (7,55 АЕК);

– екінші қайтара некеге тұрмаған ҰОС-да қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің жесірлеріне – 15 456 теңге (4,48 АЕК);

Ауғанстандағы немесе басқа да мемлекеттердегі әскери қимылдар кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігуі, ауруы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына; бейбіт кезеңде әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына; бейбіт кезеңде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына; Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына; радиациялық ауру салдарынан қайтыс болған немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-на апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсерімен байланысты азаматтардың отбасыларына – 15 836 тг (4,59 АЕК);

– қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, жарасты жұмысшыларының, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен немесе «Қоршаудағы Ленинград тұрғынына» белгісімен наградталған, жалпы сырқаттану, жұмыс кезінде мертігу және басқа да себептер (құқыққа қарсы себептерді қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған азаматтардың әйелдеріне (күйеулеріне) қайта некеге тұрмаған жағдайда – 8 832 тг (2,56 АЕК);

– Кеңес Одағының батырларына, III дәрежелі «Даңқ» ордендерінің иегерлеріне, «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» құрметті атағына ие болған адамдарға – 478 274 тг (138,63 АЕК);

– Социалистік Еңбек Еріне, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерінің иегерлері, «Қазақстанның Еңбек ері» атағына ие болғандарға – 478 274 тг (138,63 АЕК);

– «Халық қаһарманы» атағына ие болған адамдарға – 478 274 тг (138,63 АЕК);

– Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ мемлекеттік наградалармен наградталмаған 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет еткен) адамдарға – 7349 тг (2,13 АЕК);

– 1988-1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың зардаптарын жоюшыларға, ҚР-дағы иеліктен шығару және қоныс аудару аймақтарынан эвакуацияланған (өз бетінше кеткен), эвакуациялау кезінде құрсақта болған балаларды қоса алғанда – 16 560 тг (4,8 АЕК);

– I және II топтағы мүгедек адамдарға (жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы мөлшері мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшерінен жоғары зейнеткерлер үшін) – 5141 тг (1,49 АЕК);

– III топтағы мүгедек адамдарға (жасы және еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнетақы мөлшері мүгедектігі бойынша МӘЖ мөлшерінен жоғары зейнеткерлер үшін) – 2208 тг (0,64 АЕК);

– саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын адамдарға – 3692 теңге (1,07 АЕК);

– Қазақстан Республикасы алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдарға – 3692 теңге (1,07 АЕК).

– I топтағы мүгедек жанға күтімі үшін жәрдемақы – 56 794 тг (1,4 ЕТКД).

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МӘСҚ) еңбекке қабілеттілігінен айырылған және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдер 8,5 пайызға артады. Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап алынатын мөлшерден 8,5 пайызға артады. Бүгінде Алматы қаласы бойынша осы айтылған зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді алатын тұлғалар саны 594 мыңға жуық. Жаңа жыл басталғанға дейін барлық зейнетақы және әлеуметтік төлемдердің өскен мөлшері ақпараттық жүйелердегі деректер негізінде толығымен есептеліп қойған. Сондықтан тұрғындардан қандай да бір құжаттар талап етілмейді. Жаңа мөлшердегі зейнетақылар мен жәрдемақылар оларды алушылардың екінші деңгейлі банктердегі шоттарына бекітілген кесте бойынша 2023 жылғы қаңтардың алғашқы жұмыс күндерінен бастап аударылатын болады. Біздің басты мақсатымыз – бұл әлеуметтік тұрақтылық пен азаматтарымыздың әл-ауқаты.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

ОРТАЛЫҚТЫҢ ЖҰМЫСЫНА БАҒА БЕРДІ

Жаңажылдық мерекелер легі әлі де жалғасып жатыр. Мемлекеттік қуыршақ театрында Медеу ауданының «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығы Аманат партиясымен бірлесіп жаңажылдық бағдарлама өткізді. Аталмыш бағдарлама барысында орталықтың қорытынды есеп беру іс-шарасы да қамтылды.

Іс-шара барысында Медеу аудандық «Бақытты отбасы» орталығының 13 жоба аясында атқарып келген жұмысы талқыланды. Мәселен, аталмыш орталық өткен жылы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға арналған «Isker Ana» бағдарламасы, «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасы, балабақшадағы баланың тамақ ақысы, жоғары оқу орталықтарының білім алушылары, колледж, мектеп оқушыларына арналған шәкіртақымен қамту сияқты мәселелермен айналысса, Аманат партиясы жанындағы «Бақытты отбасы» қоғамдық қоры, «Еңбек» бағдарламасы бойынша

оқыту және жұмысқа орналастыру, әлеуметтік төлемдер мөлшерін ұлғайту шараларын да қоса қамтыған.

Өз кезегінде Медеу ауданы «Бақытты отбасы» орталығының басшысы Толқын Сәметова әлеуметтік орталықтың атқарған жұмыстарына тоқталды. Мәселен, өткен жылы әлеуметтік орталықта 3609 адам тіркеліп, 5476 адам ақпараттық-консультациялық және ресурстық қолдау, 2208 адам әдістемелік және заң көмегін, 236 адам базалық тренингтерге қатысқан. Өздігінен кәсіп ашқысы келген 119 адам көпбалалы отбасыларға арналған оқыту курстарынан өтсе, 186 адам көмекке азық-түлік алды. Сондай-ақ, 1577 адам орталықтан заттай көмек алып, 22 адам жұмысқа орналастырылып отыр.

Өткен жылы осы орталықтың тікелей көмегінің арқасында Б.Досымхан, М.Есенбаева А.Садықов сияқты тұрғындар қоғамдық ұйымдардың есебінен баспанамен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, аталмыш орталық қала тұрғындарының денсаулығына да баса назар аударып отыр. Мәселен, өткен жылы 46 адамға тегін стоматологиялық қызмет көрсетілсе, 12 адам тегін МРТ-дан өтті. Жиын соңында бірқатар азаматтар Алғыс хаттармен марапатталып, көпбалалы отбасы балаларына тәтті сыйлықтар таратылды.



ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Академиялық еркіндік мектептері

Оқу-ағарту министрлігі пилоттық режимде Ұлттық білім академиясының міндетті қолдауына жататын қажетті ресурстары мен әлеуеті бар мектептерге академиялық еркіндік беруге мүмкіндік беретін бұйрық жобасын әзірлеп қойды.

Осы арада академиялық еркіндік мектептерге не үшін қажет деген сауал туындауы мүмкін. Яғни мектептерде оқушылардың білім қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мазмұнын анықтай алады. Олар үлгілік оқу жоспарын қатаң ұстанбайды, бірақ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрсетілген оқу нәтижелеріне қол жеткізу талап етіледі. Қазіргі таңда Мемлекет басшысының қолдауымен елімізде жекеменшік мектептер ашылып, жаңа жобалар енгізіліп жатыр. Сонымен қатар, міндет оқушы орындарын құру және механикалық

қамту ғана емес. Ол сапалы білім беру бағдарламасы бар үздік және әртүрлі мектептердің жеткілікті санын ашуда. Бүгінгі таңда Қазақстанда 500-ден астам жекеменшік мектеп бар, олар МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламаларын енгізуге міндетті. Осындай қатаң реттеуге байланысты олар өздерінің инновациялық мазмұнын қосымша сабақтар арқылы қамтуға мәжбүр. Бұл балаға түсетін жүктемені арттырады.

Автономияны кеңейту пилоттық мектептерге Ұлттық білім академиясының қолдауымен, бірақ МЖМБС көрсетілген параметрлер мен талаптар шеңберінде жаңа инновациялық оқу бағдарламаларын енгізуге мүмкіндік береді. Қазір мұндай мүмкіндік тек халықаралық мәртебеге ие мектептерде ғана бар. Бағдарламалар себепсіз пайда болмайтыны түсінікті. Білім беру бағдарламаларын практикаға енгізу тегі, атап айтқанда, Ұлттық білім академиясының апробация, енгізу, іске асыру мониторингін процестерін ғылыми-әдістемелік және әдіснамалық қолдау ойластырылған. Мұндай әдіс-тәсіл бізге білім беру мазмұнының көптеген түріне көшуге мүмкіндік береді.

БАЛАНЫ ҚОРҒАУ

«Bala Qorgau» жобасының жұмысы жүйелі

Бытырғы жылдан бастап, еліміздегі барлық білім беру ұйымдарында «Bala Qorgau» жобасы аясында QR-кодтар орнатылып, олар 24/7 режимінде жұмыс істеп жатыр.

Алматы қаласындағы мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерде де арнайы құрылғылар орнатылып, жоба жүйелі жұмыс жасап жатыр. Ата-аналардың ұялы телефондарына «Bala Qorgau» жобасының QR-коды орналастырылып, 24/7 режимінде «balaqorgau» веб-сайты жұмыс істеуде. Осы уақытқа дейін 3,5 мыңнан астам өтінішпен арнайы жұмыс жүргізіліп, оқушыларға және олардың ата-аналарына тегін консультациялық көмек те көрсетілген.



ҚАМҚОРЛЫҚ

Ата-ана қамқорынан тыс қалған балалар қашан да мемлекет қамқорлығында. Соның бір дәлелі, өткен жылы республика бойынша 700-ге жуық жетім баланың баспана бақытына ие болып, пәтер алды.

Ата-ана қамқорынан тыс қалғандардың қуанышы

Қашаннан жесірі мен жетімін жылатпаған халқымыз бұл жолда да үлкен сауапты істі жасап отыр. Мәселен, осы ретте еліміздегі балалар үйлерінің саны азайып келе жатқанын атап өткен жөн. Әрине, өмірге келген соң кез келген баланың бақытты болуға құқы бар. Дәл қазір еліміздегі 22 081 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың 3790 баласы 84 ұйымда тәрбие алып жатса, қалған 18 291-і отбасында тәрбиеленіп жатыр. Міне, осы көрсеткішке қарап-ақ, өз отбасында бала тәрбиелеуге ықылас білдірген ата-аналар санының өскенін байқауға болады. Баланы ата-анасынан, ата-ананы баласынан айырмасын дейік!

БАЛАҢЫЗДЫ БАЙҚАҢЫЗ!

Баланы бақылап, назарыңызда ұстамасаңыз жүгенсіз кетері анық. Әсіресе, түнгі уақытта көшеде бейсауат жүрген балаларға қарап, неге ата-анасы іздемейді екен деп қайран қаласыз.

Баланы бос жібермеңіз!


Нақты мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы кәмелетке толмаған балаларды түнгі уақытта ойын-сауық орындарына жібергені үшін 78 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жауапқа тартылған екен. Бұған қоса, жасөспірімдердің түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуына жол бергені үшін 1600 кәсіпкер әкімшілік жазаға тартылып отыр.

ҰБТ

Тегін сабақ тыңдаңыз!

Мектеп бітіргелі отырған түлектердің үйде отырып та алдағы сынақтарға дайындалуына болады. Мәселен, Ұлттық тестілеу орталығы ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуға арналған тегін онлайн-сабақтар кестесін жариялады.

Онлайн-сабақтарды республиканың үздік білім беру орталықтары жүргізеді. Сабақтар білім беру орталықтарының жеке YouTube арнасынан көрсетіледі.



Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

AC – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

ЧЕМПИОНДАР қандай ас ішеді?

Күнделікті дастархандағы тамақ адам денсаулығына тікелей әсер етеді. Бұл мәселеге, әсіресе, өз денелерін болаттай шұңдайтын спортшылар аса мән береді. Әлемге аты шыққан спорт шеберлерінің көбісі жақсы жетістіктерге жету үшін арнайы диета ұстайды. Біз әйгілі чемпиондардың қандай ас ішетінін анықтап көрдік.

Геннадий ГОЛОВКИН



Кәсіпқой бокста IBF, WBA және IBO нұсқалары бойынша екі дүркін әлем чемпионы болған отандасымыздың жекпе-жектерін күн-түн демей әр қазақстандық қанша жылдан бері тамашалап келеді.

Көпшілік жерлесіміздің жетістіктері туралы хабардар болғанымен, оның қандай ас ішетінін біле бермеуі мүмкін. Қазақстандық боксшының сүйікті тағамдары – кофе және стейк, қазы екен. Чемпионның айтуынша, ол тамақ тұтынуда өзін шектемейді. Себебі, ол өте

жақсы метаболизмге ие. Дегенмен, Triple G жекпе-жекке дайындықтан өзге кезде зиян тамақтар тұтынатын спортшылардың қатарына кірмейді. Гена күніне 3 рет тамақ ішеді. Негізі тамақтардан бөлек, жалпы күні ішінде ақуыз коктейльдерін немесе смузилер тұтынады. Чемпионның таңғы асы сұлы жармасынан (овсянка), құймақ, тәтті картофель және шырыннан құралады. Ал түскі мәзіріне тауық еті немесе балық, сондай-ақ әртүрлі пайдалы салаттар кіреді. Боксшы кешкі ас кезінде міндетті түрде стейк және жана піскен көкөністер тұтынады. Сондай-ақ, отандасымыз таңертең капучино, түсте латте, ал түстен кейін эспрессо ішеді екен.

Усэйн БОЛТ

«Әлемдегі ең жылдам адам» атанған Усэйн Болт спорттық мансабында көптеген жетістіктерге жетіп, рекордтар орнатты. Ямайкалық жеңіл атлет сегіз дүркін Олимпиада чемпионы және 11 дүркін әлем чемпионы атанып, жүгіруден сегіз әлемдік рекорд орнатқан.

У.Болт спорттық мансабы шарықтап тұрған кезде арнайы диеталарға аса мән бермеген. Мысалы, 2008 жылы Бейжің олимпиадасы қарсаңында ол 100 күн қатарынан нағдетстермен және ыстық картоп, тәттілермен қоректенген. Алайда, қазіргі уақытта спортшы дұрыс тамақтануға тырысады.

Ол адамның жасы өскен сайын ішетін асы да соған сай дұрысталуы

керек деген ойға келген. Бүгінде әлемдегі ең жылдам адам алты мезгіл тамақтанады. Оның таңғы асы банан, батат және ям сынды жеміс-жидектерден, сонымен қатар ұн, су, май және сүттен жасалған ямайкалық тұшпарадан тұрады.

Түскі мәзірге көбіне күріш қосылған балық және дәннен жасалған нан кірсе, кешкі асқа тағы да күрішпен ет жасалады. Усэйн Болт күніне үш рет көкөністер мен ақуыз тұтынады. Жалпы, оның диетасына 60% ақуыз, 30% көмірсу және 10% майлар кіреді.



Криштиану РОНАЛДУ



Өзінің футболдағы мансабында ең биік жетістікке жеткен футболшылардың бірі – Криштиану Роналду. Instagram желісінде ең көп оқырмандары бар адам (529 млн) барша әлемге өзінің еңбекқорлығы және спорттық диетасымен көп жылдан бері үлгі болып келеді.

Сымбатты да шебер футболшы күнделікті өмірде мүлдем фаст-

фуд, газдалған сусындар мен алкогольді тұтынбайды. Ол арнайы «жерорта теңізі диетасын» ұстанады. Оның диетасы тұтас тағамдарға, көкөністердің, жемістердің көп мөлшеріне және майсыз тауық еті, балық және жұмыртқа сынды ақуызы көп тағамдарға негізделген. Сондай-ақ, күніне жеткілікті мөлшерде су ішеді.

Роналду күніне аз мөлшерде

алты мезгіл тамақтанады. Олардың уақыт аралығы 2–4 сағатты құрайды. Тамақтану мұндай жиілігі спортшыға метаболизмнің жоғары деңгейін сақтауға мүмкіндік береді. Футболшы, әсіресе, таңғы асқа ерекше мән береді. Себебі, адам пайдалы таңғы астан күні бойы жақсы жұмыс істеуге қуат алады.

Жалпы, даңқты спортшының күнделікті тәртібінен қарапайым жанкүйерлерден бөлек, оның жанындағы өзге кәсіби спортшылар да үлгі алады. Роналду «Манчестер Юнайтед» клубының сапында болған кезде оның командаласы Ли Грант мұндай оқиғалардың бірі туралы айтып берген:

«Жұма күні кешкі астан кейін әркім өзіне белгілі бір десерт жеуге рұқсат етеді. Бірақ осы жолы ешкім тәттілерге қол тиізген жоқ. Бізде бұрын-соңды мұндай жағдай болған емес. Барлығы Криштианудың ас мәзіріне қызығушылық танытты. Оның тәрелкесінде тек киноа, авокадо және бірнеше пісірілген жұмыртқа сияқты пайдалы өнімдері болды. Сондықтан ешкімнің зиян тағамдарды алуға батылы бармады», – деді ол.



Лионель МЕССИ

Жақында ғана Катарда өткен футболдан Әлем чемпионатын Аргентинаның құрама капитаны ретінде жеңіп алған Лионель Месси де спорттық мансабындағы басты қарсыласы Роналду секілді «жерорта теңізі диетасын» ұстанады.



Дегенмен, жеті мәрте «Алтын доп» иегері спорттық диетаға бірден келмеген. Ол спорттық мансабының басында өзін майлы тамақтар мен газдалған сусындардан шектемеген. Соның кесірінен ол ойын басталар алдында кейде құсатын да болған.

«Мен көп жылдар бойы дұрыс тамақтанбадым: шоколад жеп, газдалған сусын іштім», – дейді футболшының өзі. Месси жас кезінде газдалған сусынды өте қатты жақсы көрген деседі. Соның салдарынан «Барселона» клубының сол кездегі бас жаттықтырушысы Пеп Гвардиола Мессиді алаңдатып үшін жаттығу алаңдарынан газдалған су сататын машиналарын алып тастауды бұйырған. Сондай-ақ, аргентиналық футболшы етті тағамдарды, оның ішінде көкөністер қосылған қуырылған тауық етін жақсы көреді екен.

Дегенмен, Месси 2014 жылдан бастап итальяндық диетолог Джулиано Позердің айтуы бойынша тамақтанады. Позер футболшының ас мәзіріне бес негізгі өнімді бекіткен. Олар: су, зәйтүн майы, дәнді дақылдар, жана піскен жемістер мен көкөністер. Сонымен қатар, диетолог Мессиге газдалған сусындарды, алкогольді, ұн қосылған тағамдар мен қызыл етті тұтынбауға кеңес берген. Позер қантқа ерекше назар аударған: «бұл бұлшықеттер үшін ең жаман нәрсе. Ол қанттан қаншалықты алыс болса, соғұрлым жақсы».

Айта кеткен жөн, аты әлемге танымал футболшы бүгінгі күні газдалған сусынның орнына Оңтүстік Америкада танымал мате сусынын ішеді. Оның құрамында метаболизмді жеделдететін және иммундық жүйені қолдайтын полифенолдар мен В және С дәрумендері бар.

Майкл ФЕЛПС

Майкл Фелпс әлемге «Балтимор оғы» немесе «ұшатын балық» ретінде танылған. Себебі, америкалық жүзгіш 23 рет Олимпиада алтынын қанжығылап, 26 рет Әлем чемпионы атанған.

Майкл Фелпсті жоғарыда айтып өткен чемпиондардың ішінде ең ерекше ас ішетін адам десек, қателеспейміз. Себебі, ол спорттық мансабы шарықтап тұрған кезде күнделікті 12 мың килокалория тұтынатын болған. Америкалық спортшы таңғы ас кезінде ірімшік, қызанақ, салат, қуырылған пияз және майонез қосылған үш ыстық сэндвич, үш шоколадты печенье, бес жұмыртқадан жасалған омлет, бір табак жүгері немесе сұлы ботқасы және екі кесе кофе ішетін болған. Ал түскі мәзірі ет тұздығы қосылған макарон, пісірілген ет, ірімшік және майонез қосылған екі үлкен сэндвичтен құралды. М.Фелпстің кешкі асы да көлемді болған, ол күн аяғында бір табак



карбонара пастасы мен бір килограмм пицца тұтынған. Сондай-ақ, спортшы бір күн ішінде екі литрге дейін энергетикалық сусын ішкен. Мамандар 23 дүркін Олимпиада чемпионының мәзірі қарапайым адамдарға келмейтінін әрі зиян екенін айтады.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1/1-12 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдалануындағы объект құрылысы үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының батысы, Махатма Ганди көшесінің солтүстігінде орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларды) ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «5» қаңтардағы №1/1-12 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с	Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	«Oil Real Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-005-155	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 221/1 учаске	0,7728
2	«Oil Real Estate» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-313-005-161	Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 221/2 учаске	0,0972

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 77-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатын сайлау бойынша таңдаушылардың бірлескен отырысы 2023 жылғы 14 қаңтарда, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 40, Республикалық Достық үйінде өтетінін хабарлайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 04.01.2023 жылғы ұйғарымымен «НАВБИ» ЖШС БСН 111040013879 бойынша банкроттық туралы іс қозғалды.

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы №1/1-13 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының, Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 29 қарашадағы №13 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жолмен қамтамасыз ету үшін «ТЕМИР ПЛЮС ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жуков көшесі, 23 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,0416 га (кадастрлық нөмірі 20-315-029-829) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Е.Әбдіқадыровка жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е. ДОСАЕВ

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**65503 (жеке жазылушылар үшін)**

1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //

6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //

6 айға – 8214, 60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //

6 айға – 2814, 60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alata Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ДЕМАЛЫС

«Құлагерде» мұз айдыны бар



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы жылы қалалық әкімшілік тұрғындардың жайлы демалысы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Алматының барлық аудандарынан бірнеше жасанды мұз айдынын ашқан еді. Дәл қазір қала тұрғындары мен қонақтарының мұз айдындарда сырғанақ теуіп, қыс қызығын тамашалап жатқан жайы бар.



Оның үстіне биылғы қыстың қалың жауған қары да демалыстың маңызын арттыра түскендей. Қаламыздың «Құлагер» ықшамауданы тұрғындарына 30 желтоқсанныан бастап «Гүлдер» саябағындағы мұз айдында сырғанақ теуіп, таза ауамен демалуға мүмкіндік жасалып отыр.

Осы ауданның байырғы тұрғыны Гауһар Әліпбаеваның айтуынша, жасанды мұз айдыны тек жас балаларға ғана емес, ересектердің де демалыс орнына айналған. Тұрғынның айтуынша, жас балалармен «Медеуге» барып-қайту оңай шаруа емес. Ал үй іргесінен ашылып отырған мұз айдынының балалар үшін де, ата-аналар үшін де тиімділігі зор көрінеді.

Сонымен, мұз айдында өз конькиіңізбен келсеңіз, кіру тегін болады. Дегенмен, конькилерді жалға алу жағы да қарастырылған.

Қала тұрғындарының Серіков көшесі, 2 А мекенжайдағы мұз айдында келіп, күн сайын сағат 10.00-ден бастап, 22.00-ге дейін сырғанақ тебулеріне болады.

АМАНАТ



ЕКІБАСТҮЗДАН КЕЛГЕН ҚОНАҚТАР

Аманат партиясы төрағасының бастамасымен бүкіл республика бойынша Екібастұз қаласының 1 мыңнан астам баласына демалыс ұйымдастырылды. Оның ішінде 30 бала партияның қалалық филиалының шақыруымен Алматыға келді.



Досбол
АТАЖАН

Алматының жас қонақтары Іле Алатауы тауларының етегінде орналасқан әрі Алматы қаласының іскерлік орталығына жақын «Қазақстан» шипажайында орналастырылды.

Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мейіржан Отыншиев санаторлық-курорттық емдеуден басқа балаларға арналған мәдени және экскурсиялық бағдарлама дайындалғанын атап өтті.

«Балалар үшін ауқымды ойын-сауық бағдарламасы дайындалды. Олар жайлы бөлмелерге орналастырылды. Спорттық-сауықтыру кешенінде бірегей минералды сулардан тұратын бассейн, спорт залы, екі емдік дене шынықтыру залы, волейбол, баскетбол және футболға арналған ойын залдары бар. Балалар Алматы қаласы бойынша экскурсия жасайды. Сонымен қатар, балалар үшін арнайы санаторийге аниматорлар шақырылады. Бүлдіршіндер үшін бұл мереке

ұзақ уақыт есте қалатындай әртүрлі жарыстар және ойын-сауық шоулары болады», – деді М.Отыншиев.

Балалар Алматыға келген алғашқы күннен-ақ, олар үшін арнайы экскурсиялар жасалды. Екібастұздық оқушылар мегаполистегі демалысының алғашқы күнінде циркке барып, жаңажылдық қойылымды тамашаласа, келесі күні Медеу мұз айдынында сырғанады.

«Менің есімім Томирис, Екібастұз қаласынан келдім. Бұл менің Алматыға алғашқы саяхатым. Көңіл күйіміз өте жақсы. Циркте тамаша қойылым көріп, Медеуде сырғанап көрдік. Демалыс барысында жаңа достар таптым. Екібастұздағы жағдай енді елімізде қайталанбасын деп тілеймін», – деді 8-сынып оқушысы Томирис Байкенова.

Оқушыларды демалыс барысында бақылап жүрген екібастұздық оқытушылар да өздерінің әсерімен бөлісті.

«Біз Екібастұздан 2 қаңтар күні жолға шықтық. Жол бойында Астана қаласына соғып, ЭКСПО-ға экскурсия жасадық. Алматыға барлығы 29 бала, 4 оқытушы және 1 медбике келді. Жалпы, балаларды жақсы қарсы алды, барлық керек-жарақпен қамтамасыз етіп жатыр. Негізнен демалысқа аз қамтылған не толық емес отбасылардың, көпбалалы жанұялардың балалары және оқумен не мектептен тыс кездегі жетістіктерімен көзге түскен 5–11-сынып оқушылары жіберілді», – деді екібастұздық оқытушы Жанерке Қабжанова.

Айта кеткен жөн, балалар 9 қаңтарда үйлеріне қайтады деп жоспарланған.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Бүгінде қай зат кәделі немесе кері әсерде – бәріне зер саламыз. Алайда, қауырт әрі қарбалас тірлік көп нәрседен қолды байлауда. Осындай сәтсіздіктерден арылғымыз келеді. Ол үшін көпшіліктен оқшауланамыз. Әрбірден соң қоғамдық көлікте, көшеде құлағын тарс жауып алғандарды жиі көз шалады. Бірақ бас киімнен гөрі құлаққапты көп пайдаланады. Сондайлардың ішінде өзіміз де бармыз.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бейресми деректер бойынша Англияда жұрттың 60%-ы құлақ ауруымен ауырады екен. Біздің де олардан кем түсіп тұрғанымыз шамалы.

Байқайық

Қазір әркімде ұялы телефон бар. Технологиялық прогресс ілгерілеп барады. Соңғы уақытта смартфон деген ұғым шықты. Бұдан бәрін табуға болатынын білеміз. Ол жағы айдай әлемге аян. Осының қосымша құрылғысы баршасынан артық мәселе тудырып тұр. Сол себепті, оны ұзақ әрі ретсіз қолданудың себебі бірқатар келеңсіздікке тірейтінін айтқымыз келеді.

Анығырақ:

- Құлақ ауырады.
- Жүйке талады.
- Ығырын шығады.
- Ынтаны төмендетеді.

Осы аталған ойлар шамадан тыс, көп

ҚҰЛАҚҚАП

Бұл құрылғының пайдасы мен зияны бірдей болып тұр



Денсаулық бәрінен қымбат

Қыс мезгілінде желең жүре алмайсыз. Бүрсең қағып жүреміз. Қанша қатып-үссек те, құлақтан құлаққапты тастамаймыз. Үлкендер жағы бірнеше рет ескертті. Сонда да құлаққа ілмейміз. Ал саңырау болғымыз келмейді. Жас уақытта жалындап жүруге құштармыз. Ол үшін адреналин керек. Оны музыкадан аламыз. Гажап әсерге бөленуге ынтықпыз. Әннің даусын барынша шығарамыз. Тіпті сыртқа естіліп тұрады. Оны жан-

жағымыздағылар байқайды. Біз мән бермейміз. Ең бастысы, өзіміз рахат сезімге бөленсек болғаны. Дегенмен, қоршаған ортадан басқа жаққа шексіз қиялданып кетіп қалудың қажеті жоқ. Мейлінше мейірімді жандарға мән берейік. Кейбіреулерді айқаласаң да қарата алмайтын жағдайға жеттік. Талай мәрте құлағына құлаққап тығып алып, апатқа да ұшырады. Сонда да қайталаймыз. Біреудің қателігі екіншіге сабақ болмауда. Бұл мәселенің де байыбына баратын кез жетті.

Саңырау

Баяғыда құлағы шәлкестерді саңырау дейтін. Одан да асқандарды меңіреу дейтін. Ал бүгінгілер құлаққапты сылтауратып естімеуге көшті. Әр нәрсені елемеуге тырысатын ахуалға келді. Көшеде жаяу жүргінші, вело-жолақ, автобус және жеңіл көліктің жолы бар. Осыны да елемейтіндер табылып жатады. Соған қарап қарның ашады. Жолды бөгеп, веложолақпен жүреді. Артынан самокат, велосипед, скутерлер жүйткіді. Олар мың мәрте сигнал береді. Сөйтсе де, жолдан шеткері тұрмайтындар азаймай тұр. Қайта өзіңмен жұлысуға дейін шақ қалады. Одан да жаяу жүргінші өз жолымен жүргені жөн ғой.

Аталған мәселе талай мәрте айтылып жүр. Ең негізгі мәселе қоғамдық ортаны сыйлай білуде. Сол кезде бәрі өз ретіне келеді. Сонда ғана біреудің екіншіге кедергісі тимейді.

● ТҮЙІН:

Құлаққапты қолданғанда тұрған ештеңе жоқ. Оған қарсы шығатын ойымыз да болған емес. Біздің ой денсаулықты, қоғамдағы ережені сақтап, бір-бірімізге ізетіміз арта түссе деген игі ниет демекпіз.